

Азаматтық қызметші болып табылатын ауылдық жерлерде жұмыс істейтін, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының және жергілікті бюджетінің қаражаттары есебінен лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкаларына жиырма бес пайыз көбейту құқығына ие лауазымдардың тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы № 36/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 тамызда № 5445 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 19/01 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 15.04.2021 № 19/01 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Абай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының және жергілікті бюджетінің қаражаттары есебінен лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкаларына жиырма бес пайыз көбейту құқығына ие лауазымдардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

Б. Асанов

Абай ауданы әкімдігінің

№ _____

қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше

қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандардың лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімнің (бөлімшесінің) менгерушісі, әлеуметтік жұмыстар жөніндегі кеңесші, жұмыспен қамту орталығының (қызметтінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, қарт адамдар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшысының орынбасары, филиалдың, бөлімнің, бөлімшешінің, орталықтың, лагерьдің, кабинеттің, пункттің, клубтің, кітапхананың, кәсіби практиканың, шеберхананың, оқу-өндірістік шеберхананың, спорттық құрылымның (кешеннің), бассейннің, сектордың, зертхананың, комбинаттың, жатақхананың, интернаттың менгерушісі, басшысы;

2) мамандар (бас, аға), оның ішінде: дәрігерлер мен мұғалімдердің барлық мамандықтары, архивариус, медициналық бике, фельдшер, кітапханашы, тәрбиеші, тәлімгер, барлық инженерлердің мамандықтары, барлық техниктердің атауы, жаттықтырушы, нұсқаушы: дене шынықтыру бойынша, еңбек бойынша, жұзу бойынша, әдіскер, оқытушы, концертмейстер, мәдени ұйымдастырушы, хореограф, сүйемелдеуші, инспектор: кадр, кадр мәселелері бойынша, арнайы жұмыс бойынша, паспортшы, комендант, зертханашы, әдіскер, механик, шебер, бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, педагог-психолог, тәрбиешінің көмекшісі, аспазшы, спорт бойынша жаттықтырушы-мұғалім, өндірістік оқу бойынша шебер, музикалық жетекші, логопед, статистик, музикалық аспаптарды жөндеуші-келтіруші, оператор, бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша маман.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

Әкімші, сүйемелдеуші, архивист, археограф, барлық атаулардың әртістері, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, бас қор сактаушысы, дирижер, басшының орынбасары, басшы, бөлімнің, сектордың, филиалдың менгерушісі, сектор басшысы, дыбыс операторы, дыбыс режиссері, барлық инженер атауларының мамандары, нұсқаушы, инспектор, өнертанушы, концертмейстер, мәдени ұйымдастырушысы, билеттерді тексеруші, кассир, шебер, әдіскер, механик, музикалық жетекші, кіші ғылыми қызметкер, музей қараушысы, ғылыми қызметкер, оператор, мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы, редактор, режиссер,

бас ғылыми қызметкер, барлық атаулардың техниктері, хореограф, хормейстер, барлық атаулардың суретшілері, көркемдік жетекші, қор сақтаушысы, экскурсия жетекшісі.

4. Спорт мамандарының лауазымдары:

мамандар, оның ішінде: жаттықтыруышы, жаттықтыруыш-оқытуышы, нұсқаушы-әдіскер, спорт бойынша нұсқаушы-спортшы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК